

## **Ақшалай талапты беріп қаржыландырудың (факторингтің) стандартты талаптары және банктік заем талаптары (Қосылу шарты)**

Осы Ақшалай талапты беріп қаржыландырудың (факторингтің) стандартты талаптарын және банктік заем талаптарын (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Қаржы агенті/Банк) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен:

- ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг);  
- банктік заем шартын жасаған кезде қолдану үшін әзірледі және бизнес субъектілерінің ақшалай талабын беріп қаржыландыру (факторинг), банктік заем шартының стандартты талаптарын айқындайды.

Стандартты талаптарды қолдана отырып Қосылу шарты Қаржы агенті/Банк пен Клиент/Заемшы (бұдан әрі бірлесіп – Тараптар немесе жеке-жеке – Тарап) арасында Қаржы агентінің/Банктің нысаны бойынша қаржыландыру ұсынуға өтініш (бұдан әрі – **Қаржыландыруға өтініш**) беру арқылы және оны Қаржы агенті/Банк қабылдаған жағдайда олардың Қосылу шартына қосылуы жолымен жасалады, Клиентке/Заемшыға қаржыландыруды ұсыну Қаржы агентінің/Банктің акцепті болып табылады.

Қаржыландыруға өтініш және Қосылу шарты бір бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және бұдан әрі бірлесіп **Шарт** деп аталады.

### **1-бап. Факторинг шартының жалпы талаптары**

1.1. Қаржы агенті Клиентке Желі ашады, оның шеңберінде Клиентке Клиент пен оның сатып алушысы (бұдан әрі – **Борышкер**) арасында жасалған сатып алу-сату (жеткізу) шартынан/келісімшарттан/келісімнен (бұдан әрі – Факторинг шарты) туындайтын ақшалай талаптарды беріп қаржыландыруды ұсынады.

1.2. Факторинг шартының жасалған күні мен орны, оның нөмірі, Клиент пен Борышкердің деректері, Қаржыландыру сомасы мен тәртібі, Желі мерзімі, Комиссия сомасы және оны төлеу тәртібі Қаржыландыруға өтініште айқындалады.

1.3. Қаржыландыру мерзімі қаржыландыру сомасы Клиенттің банктік шотына аударылған күннен басталады және жеңілдікті кезеңді қамтиды және бұл мерзімдер Қаржыландыруға өтініште айқындалады.

1.4. Борышкер Келісімшарт бойынша міндетті орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Клиент Жеңілдікті кезеңді қолдану талаптарын ескере отырып, Қаржы агентіне берілген ақшалай талап сомасын, қаржыландыруды пайдаланғаны үшін комиссияның Қаржы агентіне тиесілі сомасын төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте, Клиентке талап қою үшін Қаржы агенті Борышкердің Келісімшарт бойынша мерзімі өткен берешегін өтеуі үшін Борышкерге қатысты қандай да бір қосымша шаралар (мысалы, сотқа жүгіну және т. б.) қолдануға міндетті емес.

Көрсетілген сомаларды төлеу Клиенттің акцептін талап етпейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлем құжаттарының (оның ішінде төлем талаптарының) негізінде тікелей дебеттеу жолымен Қаржы агентінде ашылған Клиенттің барлық банктік шоттарынан даусыз (акцептісіз) тәртіппен жүргізіледі.

1.5. Берілген ақшалай талап бойынша берешекті өтеу кезектілігі:

1.5.1) Факторинг шарты бойынша мерзімі кешіктірілген берешек болмаған жағдайда:

- комиссиялар;
- негізгі борыш;

1.5.2) Факторинг шарты бойынша мерзімі кешіктірілген берешек қалыптасқан жағдайда:

- Қаржы агентінің ақшалай талапты беріп қаржыландыру сомасын өтеу, комиссияны, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын алу бойынша шеккен шығыстары;

- тұрақсыздық айыбы (өсімпұл);

- комиссиялар (комиссиялық сыйақылар);
- негізгі борыш.

1.6. Қаржы агенті қаржыландыруды өтеудің өзге кезектілігін дербес айқындауға құқылы.

## **2-бап. Факторинг шартының өзге де талаптары**

2.1. Қаржыландыруға өтініш «Onlinebank» жүйесі арқылы беріледі.

Қаржы агентінің Қаржыландыруға өтініштің акцепті оның қаржыландыру беру жөніндегі іс-әрекеті болып табылады, ол Қаржы агентінің қаржыландыру сомасын Клиенттің банктік шотына аударуынан тұрады.

Бұл ретте Банк өз қалауы бойынша Факторинг шартын жасасудан бас тартуға құқылы.

2.2. Қаржыландыру келесі әдістердің бірімен жүзеге асырылады:

2.2.1. Клиент Қаржыландыруға өтініш берген күні комиссия төлеген жағдайда:

- Қаржы агентінің клиентке берілген талапты төлеуі Қаржыландыруға өтініште көрсетілген сомада берілген талаптың барлық сомасына - Клиент комиссияны төлеген күні жүзеге асырылады. Бұл ретте Банк комиссия сомасын берілген ақшалай талап төленген күні Клиенттің тиісті банктік шотына есептелген қаржыландыру сомасынан комиссия сомасын акцептісіз есептен шығару жолымен алып қоюға құқылы.

2.2.2. Клиент қорытынды төлем сомасынан қорытынды төлемді алғаннан кейін комиссияны төлеген жағдайда, Қаржы агентінің Клиентке берілген ақшалай талапты төлеуі екі төлеммен жүзеге асырылады: бірінші және қорытынды төлем келесі тәртіппен:

1) Қаржыландыруға өтінішке сәйкес бірінші төлемді (бұдан әрі – **Бірінші төлем**) Қаржы агенті Клиенттен Қаржыландыруға өтінішті алған күні Клиенттің банк шотына аударыды;

2) берілетін ақшалай талап сомасы мен Факторинг шарты бойынша Қаржы агентіне тиесілі бірінші төлемнің, комиссияның, тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) және өзге де төлемдердің сомасы арасындағы айырманы құрайтын қорытынды төлемді (бұдан әрі – **Қорытынды төлем**) Қаржы агенті Клиенттің банктік шотына Борышкерден түскен күні Клиенттің банктік шотына берілген ақшалай талаптың толық төлемін аударыды және Қаржы агентінің IBAN шотына кейіннен түскен ақшаны аударыды.

2.3. Клиенттің Қаржы агентінде ашылған банктік шотынан ақшаны Келісімшарт бойынша берілген ақшалай талап бойынша Қаржы агентінің талабын қанағаттандыру шотына қолма-қол ақшасыз аудару мақсатында Клиент Қаржы агентіне Қаржы агентінің нысаны бойынша ақша жөнелтушінің тиісті түрде ресімделген және қол қойылған тұрақты өкімін береді.

2.4. Борышкердің ақшалай талапты төлеуі Клиенттің Қаржы агентінде ашылған банктік шотына жүргізіледі, содан кейін Қаржы агенті Клиенттің банктік шотынан Қаржы агентінің IBAN шотына олар Клиенттің банктік шотына түскен күні ақша аударыды.

2.5. Борышкер Клиенттің банктік шотына берілген ақшалай талаптың толық сомасын төлеген төлем Борышкердің берілген ақшалай талап бойынша Келісімшарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындауы болып есептеледі, ал Клиенттің Қаржы агенті алдындағы міндеттемесі аталған ақша сомасы Қаржы агентінің IBAN шотына аударылған күннен бастап орындалған болып есептеледі.

Комиссия Қаржыландыруға өтініште көрсетілген мерзімдерде алынады.

2.6. Клиент Факторинг шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Қаржы агентінің алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

2.7. Қаржыландыруға өтініште көзделген талаптарды өзгерту Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қаржы агентінің қосымша өтініш беру жолымен жүзеге асырылады. Қаржыландыруға өтініш талаптарын өзгерту Клиент Қаржы агентінің тарифтеріне сәйкес тиісті комиссиялар мен сыйақыларды төлеген, сондай-ақ қажет болған жағдайда – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша өзге де талаптарды орындаған және барлық қажетті құжаттарды алған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

2.8. Ақшалай талапты басқаға беріп жаңа қаржыландыруды (факторингті) ұсыну Қаржы агентінің Шартта көзделген тәртіппен қаржыландыруға жаңа өтініш алуы арқылы жүргізіледі.

2.9. Клиент Банкте ашылған банктік шотынан өзге төлем деректемелерін Борышкерге (өзінің контрагенттеріне) Келісімшарттар бойынша төлеу үшін жіберу Факторинг шартының талаптарын

елеулі түрде бұзу болып есептеледі және Банкке Факторинг шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығын береді.

### **3-бап. Қаржыландыру (банктік заем) талаптары**

3.1. Егер Клиент Факторинг шарты бойынша міндеттемелерін орындамаса немесе тиісінше орындамаса, Банк өз қалауынша Заемшыға қысқа мерзімді заемды (бұдан әрі – «Заем») Банктің өз қаражаты есебінен Факторинг шарты бойынша Берешекті өтеу үшін беруге құқылы.

Заем шартының жасалған күні мен орны, оның нөмірі, Банк пен Заемшының деректері, заем мақсаты, сомасы, валютасы және мерзімі Қаржыландыруға өтініште анықталады.

3.2. Заемды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің түрі (бұдан әрі – сыйақы), Заем шарты жасалатын күні сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері, сыйақы мөлшерлемесінің сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі мөлшері (бұдан әрі – ЖТСМ), егер Заем шартында құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі көзделген болса, құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі Қаржыландыруға өтініште анықталады.

3.3. Заемды өтеу тәсілі мен әдісі, Заем шарты бойынша берешекті өтеу кезектілігі Қаржыландыруға өтініште анықталады.

3.4. Заемды қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер бұзылған жағдайда Заемшы Банкке тұрақсыздық айыбын төлейді, оны есептеу тәртібі мен мөлшері Қаржыландыруға өтініште көрсетіледі.

3.5. Заем беруге және қызмет көрсетуге байланысты алынатын комиссиялар мен өзге төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшері Қаржыландыруға өтініште көрсетіледі.

Заемды қайтару және сыйақы төлеу тәртібі мен мерзімділігі Қаржыландыруға өтініште көрсетіледі.

Бұл ретте Заемшы:

1) Қаржыландыруға өтініште көзделген мерзімдерде Заемшының ағымдағы шотында негізгі борышты және сыйақыны өтеу, пайыздарды, тұрақсыздық айыбын, Банктің пайдасына төленетін өзге төлемдерді төлеуге жеткілікті сомада ақша болуын қамтамасыз етуге;

2) жоспарлы төлем күні келген кезде Заемшының ағымдағы шотында жоспарлы төлемі өтелуі тиіс негізгі борышты, сыйақыны өтеуге жеткілікті сомада ақша болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Банк Заемды/Берешекті өтеу үшін ақшаны жұмыс күндері қабылдайды.

Қаржыландыруға өтініш бойынша төлемдер Заемшы тарапынан Астана қаласы уақытымен сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырылады. Егер Қаржыландыруға өтініш бойынша төлем Астана қаласы уақытымен сағат 18.00-ден кейін жүзеге асырылса, мұндай төлем келесі жұмыс күні жасалған болып есептеледі.

Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында Банк қолданатын шаралар қаржыландыруға өтініште анықталады.

3.6. Заемның қолданылу мерзімі Қаржыландыруға өтініште анықталады.

3.7. Шарт талаптары бұзылған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қаржыландыруға өтінішке сәйкес жауапкершілікке тартады.

3.8. Заем шарты бойынша Заемшының жауапкершілігі еңсерілмейтін күш жағдайларымен шектелмейді, оларды Тараптар Заем шартында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Заемшыны жауапкершіліктен босатуға негіз деп танымайды.

3.9. Егер Заем шетел валютасында берілсе, Заем шарты бойынша комиссиялар, айыппұлдар және тұрақсыздық айыбы төлем күніндегі Банктің есептік бағамы бойынша теңгемен төленеді.

### **4-бап. Заем шартының өзге талаптары**

4.1. Сыйақыны есептеу мерзімі нақты берілген Заем сомасына қатысты Заем берілген күнді қоспағанда, одан кейін келетін күннен басталады. Заемды пайдалану үшін сыйақы есептелген кезде күндердің нақты саны (күнтізбе бойынша) ескеріледі, бұл ретте жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге тең деп есептеледі.

4.2. Заемшы Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өзінің құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге немесе міндеттемелерін тапсыруға құқылы емес.

4.3. Банк Шарт бойынша құқықты (талап) үшінші тұлғаға берген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасы Шарт шеңберінде Банк пен Заемшы арасындағы қатынастарға қоятын талаптар мен шектеулер, құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен Заемшының құқықтық қатынастарына таратылады.

### **5-бап. Заем шартының талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына өзгерту**

5.1. Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағында көзделгендей Заем шартының талаптары Заемшы үшін жақсартылған жағдайларда оларды біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

Банк Шарт бойынша жақсарту талаптарын қолданатыны туралы Заемшыны оларды күшіне енгізуді шамалаған күнге дейін кемінде күнтізбелік он төрт күн бұрын хабардар етеді.

Банктің хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Заемшы Банк ұсынған жақсарту талаптарынан толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы.

Егер көрсетілген мерзімде Банк Заемшыдан ұсынған жақсарту талаптарын қолданудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама алмаса, оларды Заемшы қабылдаған болып есептеледі.

### **6-бап. Қаржыландыруды мерзімінен бұрын қайтару, бас тарту және тоқтата тұру**

6.1. Заемшы Банкті алдын ала жазбаша:

- 1) 1 (бір) жұмыс күні бұрын;
- 2) Заем беруге қатыспаған, сәйкесінше Шартта көрсетілмеген Банктің аудандық басқармасына және (немесе) Банктің облыстық/өңірлік/қалалық филиалына 2 (екі) жұмыс күні бұрын арызданған жағдайда, Банктің жазбаша келісімімен Банкке Заемды (толық немесе ішінара) мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы.

6.2. Банк:

төменде берілген негіздемелердің кез келгені орын алғанда:

1) Заем ұсыну заемшымен байланысты борышкерлердің тобы бойынша бір заемшыға тәуекелдің мөлшері бойынша заңнама бекіткен шектеудің ең үлкен мөлшерінен асуға әкеліп соққанда;

2) Заем ұсыну Банктің осындай бұзушылық ықтималдығын сақтау кезеңінде пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы талаптарды қоса алғанда, Қолданыстағы құқықты бұзуына әкелсе;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда;

4) шот бойынша шығыс операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда;

уақыт өте жоғарыда аталған оқиғаларға, Шарт бойынша ковенанттардың ережелерін, соның ішінде Факторинг шарты бойынша міндеттемелердің және Банкпен жасалған басқа шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауына және/немесе тиісті түрде орындалмауына әкеп соғуы мүмкін оқиғалар пайда болғанда немесе әрекеттер орындалғанда Заемшыға Заем беруден бас

тартуға және/немесе есептелген сыйақымен қоса, мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге немесе әрі қарай қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.

6.3. Заемшы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда:

- 1) Заемшының Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындау мерзімдері басталды деп танылады және Банк олардың орындалуын талап етуге құқылы;
- 2) Банк Заемшының кез келген өзге мүлкінен құн өндіріп алууды қолдануға құқылы.

## **7-бап. Қаржы ақпараты**

7.1. Заемшы Банкке:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша жылдық қаржы есептілігін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім анықталмаса, әр қаржы жылы аяқталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржы есептілігін, оның ішінде шоғырландырылған қаржы есептілігін, егер Банк қаржы есептілігінің өзге кезеңділігін немесе оны берудің өзге мерзімін анықтамаса, Шарттың қолданылу мерзімі ішінде;

3) Банктің талап етуімен – Банк Шарт шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сұратуы мүмкін, оның ішінде Банк анықтаған күнге және нысан бойынша тәуелсіз аудитор растаған қаржы есептілігін, Заемшының қаржылық жағдайын (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге есептілікті және басқа ақпаратты уақытылы беруге міндеттенеді. Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк жүргізу шығынын Заемшы көтеретін, өз бетінше аудит жүргізуді тағайындауға құқылы;

4) Банк анықтаған мерзімділікпен және Банк талабымен кез келген басқа уақытта Заемшының бюджет алдында берешегінің бары/жоғы жөнінде құжатты уақытылы беруге міндеттенеді.

Есепті кезеңде қаржылық жағдайдың өзгерістері/толықтырулары, тәуекелдері туындаған және/немесе нашарлаған кезде есептілік құжаттамамен бір мезгілде Заемшы Банкке қаржылық жағдайдың бастапқы көрсеткіштерден ауытқуының мәнін (Шарт жасасу кезінде болған) егжей-тегжейлі баяндай отырып, түсіндірме жазбаны ұсынады.

Заемшы Банкке ұсынылған қаржы есептілігінің, оның қаржылық ахуалын (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге есептіліктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне және дұрыс болып табылатынына кепілдік береді және куәландырады.

## **8-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **8.1. Қаржы агенті/Банк:**

8.1.1 Клиентке Қаржыландыруға өтініште көрсетілген соманы Шарттың талаптарына сәйкес аударуға;

8.1.2 Клиентке Шартта көзделген мерзімдерде және тәсілмен Клиенттің міндеттемелерін орындаудың кешіктірілгені және Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы хабарлауға;

8.1.3 келесі жағдайларды қоспағанда, біржақты тәртіпте Заем шартын жасасу күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтпауға:

Шартта көзделген жағдайларда Заем алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты сенімді ақпарат беру міндеттемесін Заемшы бұзған;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы және Ерекше бөлімдер) көзделген жағдайларда және:

Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз Заемшының жиынтығында 10 (он) және одан көп пайыздағы акцияларын (қатысу үлесін) иеленетін қатысушыларының (акционерлерінің) құрамының өзгеру жағдайында Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауын талап ету құқығы туындаған;

Көрсетілген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі келесі тәртіпте ұлғаяды:

сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуды шамалаған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банк Заемшыға жаңа сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып, оны ұлғайту себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді;

Банк мұндай хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесімен келіседі немесе Банкке негізді жазбаша қарсылығын береді. Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесінен бас тартып, Қосылу шартының осы тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде Шарт бойынша өз берешегін мерзімінен бұрын толық өтеуге құқылы;

Банк Заемшыдан жаңа сыйақы мөлшерлемесіне қатысты негізді жазбаша қарсылығын алған жағдайда, Банк оларды қарастыруға және реттеуге байланысты шаралар қолданады.

Егер Тараптар қарсылықтар бойынша келісімге келе алмаса, Заемшы оларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

8.1.4 егер Шарттың талаптарында қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге және (немесе) сақтандыру шарттарын жасау талаптары көзделсе, Заемшыны сақтандыру ұйымының және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектемеуге, сонымен қатар Заемшыға (жеке тұлғаға) өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктемеуге;

8.1.5 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткенге дейін негізгі борышты толық мерзімінен бұрын немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Қосылу шартының 6-бабында көзделген тәртіпте және талаптарда Заемды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық төлемдерін және өзге айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамауға;

8.1.6 егер негізгі борышты және сыйақыны өтеу күні мерекелік немесе демалыс күндерге түсіп, сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық төлемдерін және өзге айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамауға;

8.1.7 Заемшы өтініші бойынша, Шарт бойынша берешекті өтеу ретінде шотқа түсіп отыратын кезекті ақша түсімін ажыратып-бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ басқа да төленуі тиіс сомаларға ажырату) туралы ақпаратты, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, жазбаша нысанда, айына 1 (бір) реттен асырмай ақысыз беруге;

8.1.8 Заемшының Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толығымен мерзімнен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс басқа сомаларға бөлініп, қайтарылуы тиіс ақша сомасының мөлшері туралы Заемшыны 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде ақысыз хабардар етуге;

8.1.9 Шартта көзделген тәртіпте Шарт талаптарының жақсарту жағына қарай өзгергені туралы Заемшыға хабарлауға;

8.1.10 міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Заемшыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

хабарламада көрсетілген күнге мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзім кешіктірілгені және Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;

Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге;

Егер хабарлама Заемшыға Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілсе;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілсе, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Заемшының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;

Заемшының хабарлама алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның

қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі, міндеттемені орындау кешіктірілген жағдайда, бірақ оның туындаған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Заемшыға Шартта көзделген тәсілмен және мерзімде Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттігі туралы хабарлау қажет, сондай-ақ мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшерін және Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы мәлімдеу қажет;

8.1.11 Заемшының жазбаша өтінішін қарауға және жазбаша жауап әзірлеуге;

8.1.12 біржақты тәртіпте:

заемға қызмет көрсету бойынша комиссиялардың және басқа төлемдердің Шартты бекіту күнінде белгіленген мөлшері мен есептеу тәртібін ұлғаю жағына қарай өзгертпеуге;

Заем шарты шеңберінде комиссиялар мен өзге төлемдердің жаңа түрлерін енгізбеуге;

8.1.13 Банктің Шарт бойынша құқығы (талап етуі) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған заем шарты (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасалған кезде:

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Заемшының дербес деректерінің өңделетіні туралы Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен;

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Заемды өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (Шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі кешіктірілген және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға өткені туралы Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Заемшыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге міндеттенеді.

## **8.2. Қаржы агенті/Банк:**

8.2.1 Клиенттен Факторинг шартына сәйкес Клиент ақшалай талаптары берілген Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауды талап етуге;

8.2.2 атап айтқанда, мына жағдайларда, бірақ мұнымен шектелмей:

- егер Клиент Қаржы агенті сұратқан құжаттарды ұсынбаса немесе тауарларды жеткізуге / қызмет көрсетуге қатысты тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды ұсынса;

- егер Клиент Қаржы агенті алдындағы міндеттемелерін, оның ішінде Факторинг шарты бойынша міндеттемелерін бұзса;

- Қаржы агенті халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ішкі кредиттік саясатқа сәйкес жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Клиенттің және/немесе Борышкердің қаржылық жағдайы нашарлағанда;

- Қаржы агентінің Факторинг шартын тиісті түрде орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайда;

- тауарды жеткізу фактісі расталмағанда;

- Борышкер тауарды қайтаруға ниеттенген жағдайда;

- Қаржы агенті үшін айтарлықтай ықтимал тәуекелдердің болуын білдіретін кез келген басқа ақпарат немесе Клиентке және/немесе Борышкерге қатысты жағымсыз ақпарат болған жағдайда;

- қаржыландыру мөлшерінен асып кеткенде;

- Борышкер Клиентке Факторинг шарты шеңберінде Қаржы агентіне ақшалай талаптары берілген Келісімшарт бойынша Борышкер алдындағы міндеттемелерін орындамауына және (немесе) тиісті түрде орындамауына байланысты талаптар қойғанда;

- ынтымақтастық процесінде іскерлік қатынастарды Клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және/немесе халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда;

- Клиенттің банктік шоттары бойынша барлық операциялар тоқтатылғанда;

- кез келген елдің (мысалы, АҚШ<sup>1</sup>, ЕО<sup>2</sup>, Ұлыбритания және басқалар) немесе халықаралық ұйымның (ФАТФ<sup>3</sup>, БҰҰ<sup>4</sup> және басқаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес Клиентке, оның үлестес тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне салынған санкциялар болған, оның ішінде Шарт бойынша талаптар мен іскерлік қатынастар Қаржы агентіне шектеулер және (немесе) санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;

- егер Клиент халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзса;

- егер Қаржы агенті Клиенттің халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзу/айналып өту ниеті туралы білсе;

- егер Қаржы агентінің іскерлік ынтымақтастық процесінде Клиентпен іскерлік қатынастар халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұза отырып және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын бұза отырып пайдаланылады деп пайымдауға негіз болса;

- халықаралық экономикалық санкциялар бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген;

- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қаржы агентінің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көзделген;

- өзге жағдайларда қаржыландыруды тоқтата тұруға және/немесе Факторинг шартын орындаудан бас тартуға;

8.2.3 Факторинг шарты бойынша міндеттемелерді немесе оның бөлігін мерзімінен бұрын орындауды және Клиент/Борышкер Қаржы агентімен жасасқан кез келген келісім/шарт бойынша міндеттемелердің бірін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Факторинг шарты бойынша барлық төленуге тиіс төлемдерді төлеуін талап етуге;

8.2.4 Борышкердің берілген ақшалай талап бойынша өз міндеттемелерін орындамауына/тиісті түрде орындамауына және/немесе ақшалай талапты тоқтатуға әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар туындаған жағдайда, бұл туралы Клиентке Факторинг шартында көзделген тәртіппен бас тартқан күні хабарлай отырып, Факторинг шартынан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда Клиент Қаржы агенті хабарлама жіберген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Қаржы агентіне одан алынған қаржыландыру сомасын қайтаруға, комиссияны төлеуге тиіс.

Бұл ретте, Қаржы агенті Клиентке хабарлама жіберілген күннен бастап, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, Клиенттің акцептін талап етпейтін төлем құжаттары (оның ішінде төлем талаптары) негізінде тікелей дебеттеу арқылы Қосылу шартының осы тармағында көрсетілген соманы Қаржы агентінде ашылған Клиенттің барлық банктік шоттарынан даусыз (акцептісіз) тәртіппен алып алуға, сондай-ақ Қаржыландыру туралы басқа өтініштер бойынша қорытынды төлемдерді есепке алуға құқылы, оған Клиент өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;

8.2.5 Борышкер Клиентке Келісімшарт бойынша берешекті төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, Клиенттің акцептін талап етпейтін төлем құжаттары (оның ішінде төлем талаптары) негізінде тікелей дебеттеу арқылы Шарт бойынша берешектердің барлық сомасын Қаржы агентінде ашылған Клиенттің барлық банктік шоттарынан даусыз (акцептісіз) тәртіппен алып алуға құқылы, оған Клиент өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

Бұл ретте осы Қосылу шартының талаптарына сәйкес ақшаны қаржыландыру валютасынан өзге валютада алып қойған жағдайда, айырбастау Қаржы агенті белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады;

8.2.6 Шартта көзделген төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін берілген ақшалай талаптар бойынша төлемді алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген шараларды қолдануға;

<sup>1</sup> Америка Құрама Штаттары

<sup>2</sup> Еуропалық Одақ

<sup>3</sup> Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы

<sup>4</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымы

8.2.7 Клиенттен (оның өкілінен) клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялармен белгіленген талаптарды орындау шеңберінде салық резиденттігі, қызмет түрі туралы мәліметтерді және Қаржы агентінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

8.2.8 Заемшы Заемның кезекті бөлігін қайтару немесе сыйақы төлеу мерзімін күнтізбелік 40 (қырық) күннен аса уақытқа бұзған жағдайда, Заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және сыйақы төлеуді талап етуге;

8.2.9 Заемшыда бір уақытта бірнеше банктік заем шарты бойынша мерзімі өткен берешегі болған кезде берешекті Банк анықтаған тәртіппен өтеуге;

8.2.10 Заемшы Шарт талаптарына сай сыйақы төлеу міндеттемесін бұзған жағдайда, сыйақыны, жоғары сыйақыны және басқа айыппұл санкцияларын есептеуді тоқтатуға;

8.2.11 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 357-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда Шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге/толықтыруға;

8.2.12 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық агенттіктерге Заемшының қандай да бір келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін беруге;

8.2.13 шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшының банктік шоттарынан Банк ақшаны теңгемен алып алған жағдайда, сондай-ақ шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшы Банкке ақшаны теңгемен аударған жағдайда, сондай ақшаны шетел валютасына айырбастауды Банк белгілеген шетел валютасын сатудың ағымдағы бағамы бойынша, тиісті операцияны жасаған сәтте Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес сондай айырбастауды жүргізгені үшін комиссиялар сомаларын Заемшыдан өндіріп алып, жүргізуге;

8.2.14 Заем мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, есептелген және төленбеген сыйақыны, соның ішінде осындай өтеу жүргізу күніне есептелгенді және мерзімі шегерілгенді бірінші кезекте өтеуін талап етуге;

8.2.15 өз қалауы бойынша Қосылу шартының 6-бабында көзделгендей Заем беруден бас тартуға құқылы;

8.2.16 Банктің Шартта және (немесе) Банкпен жасалған өзге шарттарда/келісімдерде және Қолданылатын құқықта көзделген өзге де құқықтары бар.

### **8.3. Клиент/Заемшы:**

8.3.1 Қаржы агентіне Факторинг шартының талаптарына сәйкес Келісімшарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге;

8.3.2 Борышкермен жасалған Келісімшарт бойынша өз міндеттерін тиісті түрде орындауға;

8.3.3 кідіріссіз, бірақ 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Қаржы агентіне өзіне белгілі болған мынадай ақпаратты жазбаша түрде хабарлауға:

- Борышкердің төлем қабілеттілігіне әсер етуі немесе Шарт бойынша берілген талаптың орындалуына кедергі келтіруі мүмкін жағымсыз мән-жайлар туралы;

- Борышкер қандай да бір себептермен Келісімшарт бойынша төлемді ішінара немесе толығымен даулайтын жағдайлар туралы;

- үшінші тұлғалардың берілген ақшалай талаптарға талаптары туралы;

- Клиенттің және/немесе Борышкердің Факторинг шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігіне әсер ететін құқықтық және/немесе қаржылық сипатындағы барлық өзгерістер туралы;

8.3.4 Қаржы агентінің талап етуі бойынша Борышкер туралы қосымша ақпаратты және берілген ақшалай талап бойынша басқа құжаттарды Қаржы агентінен тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ұсынуға;

8.3.5 Борышкерден берілген ақшалай талаптар бойынша төлем сомасы Клиенттің банктік шотына (шоттарына) түскен күні бұл ақшаны Қаржы агентінің IBAN шотына аударуға;

8.3.6 егер Қаржы агенті Борышкерден алған ақша сомасы Факторинг шарты бойынша міндеттемелер сомасынан аз болса, Қаржы агентінің талабы Клиентке берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде міндеттеменің қалған бөлігін өз есебінен дербес орындауға;

8.3.7 Қаржы агентінің жазбаша келісімінсіз берілген ақшалай талаптың параметрлеріне ықпал ететін Келісімшарт талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізбеуге тиіс. Егер Келісімшартқа өзгерістер енгізу нәтижесінде берілген ақшалай талаптың сомасы азайған жағдайда, Клиент пайда болған айырманы Қаржы агентіне осындай өзгерістерді енгізу күнінен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өтеуге міндетті;

8.3.8 Келісімшарт бойынша берілген ақшалай талап бойынша Қаржы агентінің талабын қанағаттандыру есебіне Қаржы агентінде ашылған Клиенттің банктік шотынан ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару мақсатында Қаржы агентіне Қаржы агентінің нысаны бойынша ақша жөнелтушінің тиісті түрде ресімделген және қол қойылған тұрақты өкімін беруге;

8.3.9 Клиенттің Қаржы агенті алдындағы қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған және Қаржы агентінің IBAN шотына берілген ақшалай талап бойынша ақша түскен сәтке дейін Келісімшарт бойынша Борышкерден түсетін ақшамен шығыс операцияларын жүзеге асырмауға және ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін қайтарып алмауға. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін мерзімінен бұрын кері қайтарып алу Қаржы агентінің жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Борышкер Келісімшарт бойынша міндеттемелерді толық орындағаннан кейін тұрақты өкім алып тасталады.

8.3.10 Клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салынған жағдайда, Клиенттің банктік шоттарындағы ақшаға (мүлікке) иелік етуге уақытша шектеу болған жағдайда, сондай-ақ Клиенттің банктік шоттарындағы шығыс операциялары тоқтатылған жағдайда, Клиенттің банктік шотындағы және берілген ақшалай талап бойынша Борышкердің Қаржы агенті алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде Қаржы агентінің пайдасына аударылуға жататын ақшаға иелік ету бойынша салынған тыйым мен өзге де шектеулерді алып тастауды қамтамасыз етуге;

8.3.11 Қаржы агентіне қаржыландыру қызметтерін көрсеткені үшін Факторинг шартында көзделген мөлшерде комиссия төлеуге;

8.3.12 Қаржы агентінің алдында:

- Қаржыландыруға өтінішке сәйкес басқаға беру мәні болып табылатын ақшалай талаптың жарамсыздығы үшін және Факторинг шартына сәйкес берілетін құжаттардың дұрыстығы үшін;

- Борышкердің Қаржы агентіне берілген ақшалай талаптарын Факторинг шартында көзделген тәртіппен орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін;

- Борышкер Клиентке есепке алу туралы қарсы талаптар қойған Қаржы агентіне берілген талаптар үшін жауапкершілік арқалауға;

8.3.13 Банкте ашылған банктік шотынан өзге төлем деректемелерін Келісімшарттар бойынша төлеу үшін өз серіктестеріне жібермеуге;

8.1.14 Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз:

заемдар алмауға, кепілдік және (немесе) өзге қаржы құралдарын беру туралы шарттар бойынша міндеттемелерді қабылдамауға, заемдар, кепілдіктер, кепілгерліктер және (немесе) өзге қаржы құралдарын бермеуге, сондай-ақ заңдық сипаты ұқсас өзге мәмілелер жасамауға;

Шарттың қолданылу мерзімі барысында өз активтерінің 10 % (он пайызынан) артық мөлшерінде кепіл туралы шарттар, опцион жасамауға немесе бір немесе бірнеше мәміледе (өзара байланысты және байланыссыз) өз мүлкіне, нақты және болашақ табысына қандай да бір ауыртпалық салмауға және/немесе шеттетпеуге;

8.3.15 Заемшы қатысушыларының (акционерлерінің) құрамының, жарияланған акциялар санының өзгеруін/жарғылық капиталы мөлшерінің азаюын, Заемшының бірінші басшысының және Заемшының заңды тұлғасы – ірі қатысушысының/акционерінің алмасуын болдырмауға;

8.3.16 Заемды Банктің акцияларын сатып алуға және Банк капиталы құрамындағы құралдарды жіктеу критерийлеріне сай келетін, пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге нормалар мен лимиттерді, Банк капиталының мөлшерін есептеудің нормативтік мәндерін және әдістемесін анықтайтын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген Банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемесі болып табылатын Банктің тәртіптелген облигацияларын сатып алуға пайдаланбауға;

8.3.17 Клиентті/Заемшыны ерікті түрде қайта ұйымдастыруды немесе таратуды жүргізбеуге;

8.3.18 дивидендтерді және Клиенттің/Заемшының дивидендтер түріндегі және басқа да нысандағы кірістерін өз акционерлері (қатысушылары) арасында бөлмеуге;

8.3.19 алдын ала хабарлаусыз Клиент/Заемшы қызметінің негізгі түрін өзгертпеуге, қызметтің жаңа түрін бастамауға; еншілес ұйымдарды, өзге заңды тұлғаларды (өз бетінше немесе үшінші тұлғалармен бірге) құрмауға;

8.3.20 өзінің құрылтай құжаттарына және (немесе) Клиенттің/Заемшының жарғылық капиталында үлестің барлық меншік иелері туралы ақпаратты Клиенттің/Заемшының жарғылық капиталындағы жай акциялардың (қатысу үлестерінің) түпкілікті иеленушілеріне дейін ақпаратты ашатын, Клиенттің/Заемшының жай акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызына иелік ететін акцияларды ұстаушыларының (шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының) тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенде, Қаржы агентіне/Банкке аталған құрылтай құжаттарға және (немесе) акцияларды ұстаушылардың (шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының) тізіліміне мұндай өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін дер кезінде, бірақ кез келген жағдайда, мұндай өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ресімдеу сәтінен бастап 3 (үш) Жұмыс күннен кешіктірмей, ұсынуға, сондай-ақ еншілес ұйымдардың осы тармақшаның талаптарын орындауын қамтамасыз етуге;

Заемшының атқарушы органының және (немесе) басқару органының құрамы өзгергенде, Заемшының пошталық және банктік деректемелері, оның заңды мекенжайы өзгергенде, сондай-ақ Заемшының байланысушы тұлғасының байланыс деректері (соның ішінде электрондық мекенжайы, мобильді/ұялы телефонның нөмірі) өзгергенде, сондай-ақ Клиенттің/Заемшының байланысушы тұлғасы ауысқан жағдайда, Банкке тиісті растаушы құжаттарды ұсына отырып, жаңа мәліметтерді жазбаша түрде дер кезінде, бірақ кез келген жағдайда, аталған өзгерістер пайда болған сәтінен бастап 3 (үш) Жұмыс күні ішінде хабарлауға;

8.3.21 Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген рәсімдерге, күштеп тарату немесе Клиент/Заемшы қызметін тоқтатудың өзге нысандары рәсімдеріне Клиенттің/Заемшының қатысуына/Клиенттің/Заемшының қатысу қаупіне жол бермеуге;

8.3.22 Қаржы агентіне/Банкке жазбаша түрде мыналар туралы хабарлауға:

банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банктік шоттарды ашу туралы ашылған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күні ішінде хабарлауға және Банкке тиісті растаушы құжаттарды ұсынуға;

өзінің дәрменсіздігі немесе оның пайда болу қаупі, Клиентке/Заемшыға қатысты оңалту рәсімдерін немесе банкроттық рәсімдерін қолдану немесе қолдану қаупі туралы хабарлауға;

Клиенттің/Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауға жағымсыз әсер етуі мүмкін жағдайлар туралы хабарлауға, оның ішінде:

- заңды тұлға-Клиенттің/Заемшының болжалды таратылуы немесе қайта құрылуы туралы;
- Клиенттің/Заемшының мүлкіне, соның ішінде кез келген банктерде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге қаржылық ұйымдарда орналастырылған ақшаға тыйым салу туралы;

- Клиент/Заемшы жауапкер ретінде қатысқан мемлекеттік, төрелік, аралық соттардағы істі қарау туралы;

- кім де кімнің Шарттың жарамдылығын даулауы туралы хабарлауға;

8.3.23 Қолданылатын құқықта және (немесе) Тараптардың келісімімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша ақшалай міндеттемелерді Шартты бекіту күніндегі әрекеттегі, сондай-ақ келешекте пайда болатын барлық басқа ақшалай міндеттемелерге қатысты бірінші кезекте орындауға;

8.3.24 Қаржы агентінің/Банктің жазбаша талабы бойынша және көрсетілген мерзімде оған Шарт бойынша қажетті кез келген құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

8.3.25 Қаржы агентіне/Банкке, соның ішінде Қаржы агентінің/Банктің бірінші жазбаша талабы бойынша тиісті түрде ресімделген Дербес деректері өзекті және шынайы болып табылатын Дербес деректер Субектілерінің Дербес деректер бойынша Келісімдерін ұсыну және ұсынылуын қамтамасыз етуге;

8.3.26 Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша берілген Келісімдердің ішінен кез келгенін кері шақыртып алатын, олардың жарамдылығын біреудің даулайтын, Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша берілген келісімдердің ішінен кез келгенін жарамсыз деп

танитын, Дербес деректер субъектілерінің Қаржы агентіне/Банкке ұсынылған Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін жою, бұғаттау, иесіздендіру туралы талап етуі, Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша келісімді және/немесе Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін берумен/беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт бойынша міндеттемелерді Заемшы орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған салдарынан Қаржы агентіне/Банкке дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін шаралар қолданатын жағдайларды болдырмауға шаралар қолдануға;

8.3.27 Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша келісімді және /немесе Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін берумен /беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт және (немесе) Қаржы агентімен/Банкпен жасалған өзге шарт/келісім бойынша міндеттемелерді Клиент/Заемшы орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған салдарынан Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданған жағдайда Қаржы агентіне/Банкке кез келген шеккен шығыстары мен залалдарын өтеп беруге;

8.3.28 Қаржыландыруға өтініште көрсетілген ерекше талаптарды және Заемшының Шарт бойынша өзге де міндеттемелерін тиісінше орындауға;

8.3.29 Заемды нысаналы мақсатына сай пайдалануға. Банк Заемның нысаналы мақсатқа сай пайдаланылуына тексерулер жүргізгенде, оны ұйымдастыруға жәрдем көрсетуге (Банк сұратқан ақпаратты және (немесе) құжаттаманы беру, өндірістік және басқа нысандарға кіруін қамтамасыз ету және басқалар);

8.3.30 Шартта/Қаржы агентінің/Банктің тарифтерінде белгіленген комиссиялардың, шығындардың, шығыстардың барлық сомаларын, соның ішінде мыналарды төлеуге/төлеп отыруға:

- Факторинг шартының/Заем сомасын, олар бойынша сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өтеу бойынша міндеттемелердің орындалуын алу; Клиенттен/Заемшыдан Берешек сомасын сот/соттан тыс тәртіппен өндіру бойынша Банк шеккен шығыстары, Қаржы агенті/Банк сот органдарына жүгінгенде төлейтін мемлекеттік баж салығын қоса;

- нотариалдық қызмет ақысы (оның ішінде Банктің Шарт бойынша өз талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті Шарттың көшірмелерін куәландыру бойынша шығыстар);

- іссапар шығындары, оның ішінде сот дауларына байланысты шығыстар, кеңес берушінің қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстар, бұл ретте шетелдік құқық/халықаралық нормалар/ережелер бойынша, оның ішінде сот даулары бойынша кеңес берушіні таңдау құқығы Қаржы агентіне/Банкке қалдырылады (халықаралық ережелерде/нормаларда және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасынан басқа заңнамада реттелетін Шарт шеңберіндегі қарым-қатынастар бойынша);

- Клиенттен/Заемшыдан Берешекті өндіріп алуына байланысты Қаржы агентінде/Банкте туындаған, құжатпен расталған кез келген басқа шығыстары (залалдары), сондай-ақ Факторинг шартына/Заемға қызмет көрсетуге байланысты өзге шығыстар;

8.3.31 Банк Заемшының атынан шетелдік банктердің пайдасына кез келген шығындарды төлеген жағдайда, Банк көрсетілген берешекті Заемшының Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы акцептісіз тәртіпте Заемшының кез келген шоттарынан алып алуға құқылы. Бұл ретте резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу және бюджетке есепке жатқызу бойынша міндет және жауапкершілік Заемшыға артылады, өйткені бұл шығыстар Заемшының шығыстары болып табылады және Заемшы салық агенті болып танылады;

8.3.32 жоспарлы төлем күні келген кезде, Шартта көрсетілген өзінің банктік шоттында, Заем валютасында ақша болуын қамтамасыз етуге;

8.3.33 Банктің талабы бойынша, Шарт бойынша берешекті толық өтегенге дейін Заемшының қаржылық жағдайын тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті. Тексерулер саны мен мерзімін Банк өзі анықтайды және бұл Заемшымен келісілмейді;

8.3.34 Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның пайдасына комиссиялар мен басқа да төлемдер төлеу кезінде резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу бойынша міндет Заемшыда пайда болады, өйткені Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Заемшы салық агенті болып табылады.

#### **8.4. Клиент/Заемшы:**

8.4.1 егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу күні демалыс немесе мерекелік күнге сәйкес келетін болса, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен, оны келесі жұмыс күні төлеуге. Бұл ретте сыйақы төлем күні орын алған Заемды нақты пайдаланған күнге байланысты төленеді;

8.4.2 Шарт бойынша берешек сомасын өтеу ретінде шотқа түсіп отыратын ақша түсімін ажыратып бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ басқа да төленуге тиіс сомаларға ажырату) туралы ақпаратты өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, жазбаша нысанда, айына 1 (бір) реттен асырмай ақысыз алуға;

8.4.3 Шарт бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толығымен қайтару туралы Банкке берілетін өтінішке сәйкес – үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдар мен өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ басқа да төленуі тиіс сомаларға бөлінген, қайтарылуы тиіс ақша сомасының мөлшері туралы жазбаша ақысыз мәлімет алуға;

8.4.4 Қосылу шартының 6-бабының 6.1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес, бірақ кез келген жағдайда 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Заемды алған күннен 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан көп мерзімге берілген Заемды алған күннен 1 (бір) жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеместен, негізгі борышты ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге;

8.4.5 Банктің Шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту/толықтыру туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

8.4.6 пайдаланылатын қызмет түрлері бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша өтініш беруге құқылы.

## **9-бап. Мәлімдемелер және кепілдік беру**

### **9.1. Тараптар:**

9.1.1 олар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті түрде тіркелгенін және Шартты өз атынан жасауға құқылы екенін;

9.1.2 Шарт тиісті түрде санкцияланғанын және онда берілген талаптарға сәйкес орындалуы тиіс әрекеттегі және заңды күші бар міндеттеме болып табылатынын;

9.1.3 Шарттың мазмұны және оның талаптарын сәйкесінше орындау Жарғыны және/немесе Тараптар қатысушы тарап болып табылатын немесе олар бойынша міндеттемелері бар кез келген келісімде немесе құжатта берілген кез келген ережені, сондай-ақ оларға қатысы бар кез келген нормативтік құқықтық актілерді, сот шешімдерін бұзуға себеп болмайтынын **мәлімдейді және кепілдік береді.**

### **9.2. Клиент/Заемшы:**

9.2.1 Факторинг шартына қол қою күніндегі жағдай бойынша Борышкерде Клиентке, соның ішінде берілетін ақшалай талапқа қатысты қандай да бір қарсылықтары, талаптары және/немесе наразылықтары (ақшалай талаптарды қоса алғанда) жоқ екенін;

9.2.2 Факторинг шартына қол қою арқылы Клиент Қаржы агентіне Факторинг шарты бойынша берешектердің барлық сомасын Клиенттің Қаржы агентінде ашылған барлық банктік шоттарынан даусыз (акцептісіз) алып алуына сөзсіз келісімін беретінін;

9.2.3 Факторинг шартына қол қою арқылы Клиент Қаржы агентіне Клиенттің шотына қаржыландыру аяқталу күніне дейін Борышкерден түскен ақша қаражатын Факторинг шарты бойынша берешекті өтеу есебіне есептен шығаруды тапсыратынын. Бұл ретте Қаржы агенті қаражатты есептен шығару рәсімін өз бетінше анықтауға құқылы және оған Клиент сөзсіз келісімін береді;

9.2.4 Клиентте/Заемшыда Шарт бойынша Дербес деректерді жинау және өңдеу үшін қажетті Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректері бойынша тиісті түрде ресімделген келісімдері бар екенін. Клиент/Заемшы Қаржы агентіне/Банкке:

- Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректері бойынша тиісті түрде ресімделген келісімдерін;

- барлық Дербес деректер субъектілерінің өзекті және шынайы Дербес деректерін, Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша берілген келісімдердің ішінен кез келгенін кері қайтарып алу, олардың жарамдылығын біреудің даулауы, Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша берілген келісімдердің ішінен кез келгенін жарамсыз деп тану, Дербес деректер Субъектілерінің Қаржы агентіне/Банкке ұсынылған Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін жою, бұғаттау, иесіздендіру туралы талап етуі, Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер бойынша Келісімді және/немесе Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін берумен/беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт бойынша міндеттемелерді Клиент/Заемшы орындамаған немесе тиісті түрде орындамау салдарынан Қаржы агентіне/Банкке дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін шаралар қолдану жағдайларын болдырмауға шаралар қолдану бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ Қаржы агентіне осындай шараларды қолдану салдарынан шеккен шығыстары мен залалдарын өтеу бойынша міндеттемелерді ұсыну/ұсынуды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді бұзуға жол бермегенін;

9.2.5 мынаны:

- Қаржы агентінің IBAN шоты Факторинг шартына қол қою кезінде қалыптастырылатындығымен және берілетіндігімен танысқанын және келісетінін **мәлімдейді және кепілдік береді.**

## 10-бап. Құпиялылық

10.1. Шарт тараптарының әрқайсысы екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың қатаң құпиялығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе тарату екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен, сондай-ақ осындай ақпаратты алуға қолданылатын құқықпен тікелей уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды тұлғалардың талабы бойынша ғана мүмкін болады.

10.2. Осы бапта көзделген құпиялылық туралы ережелер:

10.2.1 Қаржы агентінің/Банктің үшінші тұлғаларға Шарт бойынша құқықтарын беру және міндеттерін табыстау (талапты беру және борышты аудару);

10.2.2 Банк Клиент/Заемшы туралы, Шарт жасалғаны, Шарт талаптары және оның орындалуы туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, соның ішінде Заемшының Шарт бойынша берешегін өндіріп алу туралы шарттар шеңберіндегі коллекторлық агенттіктерге беру кезінде;

10.2.3 Заемшының Шарт бойынша Берешегінің барлық сомасын Заемшының барлық шотынан акцептісіз алу және осыған байланысты басқа да уәкілетті үшінші тұлғаларға қажетті ақпаратты ұсыну;

10.2.4 Қаржы агенті/Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей анықталған жағдайларда мәліметтер беру жағдайларына;

10.2.5 Қазақстан Республикасының заңнамасында және заңнамада көзделген өзге жағдайларға қолданылмайды.

## 11-бап. Дауларды шешу тәртібі. Хабарламалар

11.1. Шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер ерекше соттылық жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдана отырып, Қаржы агентінің/Банктің немесе факторинг/Заем берілген Қаржы агентінің/Банктің филиалы орналасқан жері бойынша Қаржы агентінің/Банктің қалауы бойынша (шарттық соттылық) шешіледі.

11.2. Қаржы агентінен/Банктен Клиентке/Заемшыға жіберілетін хабарламалар, егер мұндай хабарламалар мынадай тәсілдердің біреуі:

курьерлік немесе пошта қызметі арқылы;

электрондық пошта арқылы;

факс бойынша;

ұялы және өзге де телефон байланысы бойынша (SMS-хабарлама жіберу арқылы); Банктің ақпараттандыру объектілері арқылы (оның ішінде «Onlinebank Halyk» жүйесі арқылы)

тиісті ақпаратты Қаржы агентінің/Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/web-сайтында www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша, Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында орналастыру арқылы (Қосылу шартының 9-бабы 9.4-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) жіберетін болса, тиісті түрде ресімделген болып есептеледі.

Жеке немесе курьерлік қызмет арқылы табыс етілетін, Клиентке/Заемшыға тікелей берілген, курьерлік қызмет жеткізу мекенжайы бойынша Клиенттің/Заемшының болмауына немесе Клиенттің/Заемшының хабарлама алудан бас тартуына байланысты жеткізу мүмкін еместігі расталған жағдайда жеткізілген болып саналатын хабарламаларды қоспағанда, хабарламалар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен хабарламаны алғаны туралы растауды Қаржы агентінің/Банктің алу қажеттілігінсіз жіберілген болса, хабарлама Клиентке/Заемшыға жеткізілді және Клиент/Заемшы тиісті түрде хабарланды деп есептеледі (Қосылу шартының 9-бабы 9.4-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

11.3. Клиенттен/Заемшыдан Қаржы агентіне/Банкке хабарламалар Клиент/Заемшы мұндай хабарламаларды: Қаржы агентінің/Банктің уәкілетті қызметкеріне алғаны туралы қол қойғызып, табыстау арқылы; курьерлік немесе пошталық қызмет арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады.

11.4. Қаржы агенті/Банк хабарламалар жіберу үшін пайдаланатын Клиент/Заемшы деректемелері, байланысу деректері өзгерген кезде Клиент/Заемшы өзгерістер орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне/Банкке бұл туралы хабарлама жіберуі тиіс, егер Қаржы агенті/Банк өзгерістер туралы ауызша айту жеткілікті деп анықтаса, Қаржы агентінің/Банктің байланыс орталығының қызметіне қажетті ақпаратты хабарлауы керек.

11.5. Клиент/Заемшы Қаржы агентін/Банкті жазбаша хабарландырмаған, Клиент/Заемшы байланыс деректерінің және (немесе) деректемелерінің өзгеруінен туындаған Қаржы агенті/Банк хабарламасын Клиенттің/Заемшының алмағанына немесе уақытында алмағанына Қаржы агенті/Банк жауапты болмайды.

11.6. Клиент/Заемшы алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Клиенттің/Заемшының хабарламаларды алмау немесе уақытында алмау, хабарламаларды беру немесе алу үшін пайдаланылатын құрал-жабдықтар жұмысындағы ақаулар және (немесе) жедел байланыс құралдарының жұмыс істеуіндегі іркілулерден туындаған Клиент/Заемшы немесе Қаржы агенті/Банк ақпаратты алғанға дейін оны жоғалту тәуекелдерін қоса алғанда, бірақ шектелмей, хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсаттары үшін жедел байланыс құралдарын пайдалануға байланысты тәуекелдерді Клиент/Заемшы өзіне қабылдайды.

11.7. Егер Клиент/Заемшы Қаржы агентінің/Банктің өз міндеттерін қасақана орындамауы немесе ұқыпсыздығы салдарынан зияндар туындағанын дәлелдесе, Қаржы агенті/Банк Қосылу шартының осы бабының 11.6-тармағында көрсетілген жағдайларда Клиенттің/Заемшының кез келген шығындары үшін жауап бермейді.

## **12-бап. Қосымша талаптар**

12.1. Шартта тікелей көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

12.2. Шартқа барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды.

12.3. Шарт бойынша Клиенттің/Заемшының жауапкершілігі еңсерілмейтін дүлей күш (форс-мажор) жағдайлары басталғанда шектелуі немесе қандай да бір тәсілмен жойылуы мүмкін емес және Тараптар Шартта тікелей айқындаған жағдайларды қоспағанда, бұл жағдайлар Клиентті/Заемшыны жауапкершіліктен босатуға негіздеме бола алмайды.

## **13-бап. Тараптардың жауапкершілігі**

13.1. Клиент Қаржы агенті алдында Факторинг шарты бойынша беру мәні болып табылатын, берілген ақшалай талаптардың жарамдығы үшін жауапкершілік арқалайды.

13.2. Клиент Қаржы агенті алдындағы берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, Клиент Жеңілдікті кезең өткен күннен кейінгі күннен бастап Қаржы агентіне мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі Қаржыландыруға өтініште көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеуге міндеттенеді.

13.3. Қаржы агентіне/Банкке Клиент/Заемшы Дербес деректер бойынша Келісім және/немесе Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін берумен/беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт/Келісімшарт бойынша міндеттемелерді Клиент/Борышкер/Заемшы орындамаған немесе тиісті түрде орындамауы салдарынан Қаржы агентіне/Банкке Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданған жағдайда, Клиент/Заемшы Қаржы агентіне/Банкке кез келген шеккен шығыстары мен залалдарын өтеп беруге міндеттенеді.

13.4. Клиент Борышкердің жазбаша келісімсіз Келісімшарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға беруге тыйым салу туралы Келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін Борышкер алдында дербес жауап береді және мұндай тыйымды бұзуға байланысты сот талқылаулары туындаған жағдайда, жауапкер/ортақ жауапкер ретінде осындай дауды шешуге Қаржы агентін тартпауға міндеттенеді.

#### 14-бап. Қорытынды ережелер

14.1. Қаржы агенті/Банк Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, егер оларда өзгеше көзделмесе, олар [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) интернет желісіндегі Қаржы агентінің веб-сайтында жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және олар қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған Шарттарға қолданылады.

Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Қаржы агенті/Банк және Клиент/Заемшы арасында Шартқа қосымша келісімдер жасалған жағдайда қолданылады.

14.2. Тараптар Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізе алады. Мұндай өзгерістер осы нақты Шарттағы Тараптардың қатынастарына қолданылатын болады.

14.3. Қосылу шарты шеңберінде жасалған барлық шарттар және оның Қаржыландыруға барлық өтініштері, егер олар жазбаша нысанда жасалып, Тараптар оларға қол қойса және олардың мөрлерімен куәландырылса (Клиенттің мөрі қалауы бойынша қойылады) оның ажырамас бөліктері болып табылады. Қосылу шарты мен Қаржыландыруға өтініштер бірыңғай құқықтық құрал болып табылады және олардың әрқайсысы өзара бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

14.4. Даулы мәселелер бойынша Шарт, егер Тараптардың келісінде өзгеше көзделмесе, өзге келісімдер, оның ішінде Қаржы агенті/Банк және Клиент/Заемшы арасында жасалған (жасалатын) келісімдер (атап айтқанда, банктік шот туралы шарттар және т.б.) алдында басым күшке ие болады. Тараптар Шарт жасасқаннан кейін барлық алдыңғы талқылаулар, уәделер мен ұсынымдар, сондай-ақ барлық хат-хабарлар заңды күшін жоғалтады және Шарттың талаптарымен ауыстырылады деп келіседі.

14.5. Қосылу шартында айқындалмаған Шарттың талаптары Шартта белгіленеді. Қосылу шарты мен Шарт арасында қайшылықтар туындаған жағдайда Шартты басшылыққа алу қажет. Қосылу шартымен және Шартпен реттелмеген Шарт бойынша Тараптардың қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14.6. Қаржыландыруға өтініште және осы Қосылу шартында пайдаланылатын бас әріппен жазылған терминдердің мағынасы бірдей. Шартта қолданылатын, бірақ Қаржыландыруға өтініште анықталмаған бас әріппен жазылған терминдердің мағынасы келесідей:

<b>Қаржыландыру лимиті –</b>	Қаржы агенті Клиентті Қаржыландыруға өтінімдердің жалпы сомасына тең Келісімшарт бойынша өзіне берілген ақшалай талаппен қаржыландыруды жүзеге асыратын шекті сома
<b>Жеңілдікті кезең –</b>	Жеңілдікті кезеңі – Келісімшартта көзделген төлем мерзімі өткеннен кейінгі күні басталатын күнтізбелік 30 (отыз) күнге тең уақыт кезеңі.
<b>Ковенант –</b>	Заемшының Шарт бойынша белгілі бір іс-әрекетті жасауға немесе оны орындаудан бас тартуына міндеттемесі
<b>Берешек –</b>	Клиент/Заемшы Қаржыландыруға тиісті өтініштер бойынша алған және

	Борышкер/Клиент/Заемшы өтемеген (қайтармаған) қаржыландыру сомасы, сондай-ақ Клиент/Борышкер/Заемшы белгілі бір күнге Шарт талаптары бойынша Қаржы агентіне төлеуге жататын және Клиент/Борышкер/Заемшы төлемеген (қайтармаған) өзге де сомалар (комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (өсімпұл)
<b>Желі –</b>	Факторинг шартына сәйкес факторинг нысаны бойынша Қаржы агентінің Клиентті бірнеше рет қаржыландыруы.
<b>Жаңартылу –</b>	берешек лимиті, оның шегінде Факторинг шартында белгіленген факторингті беру және өтеу жүргізіледі. Бұл ретте желінің өтелетін бөлігі берешек лимитінің бос қалдығын ұлғайтады.
<b>Комиссия –</b>	Клиенттің Қаржы агентіне қаржыландыруды ұсынғаны үшін төлеуге жататын төлем сомасы
<b>Қолданылатын құқық –</b>	Қазақстан Республикасының құқығы.
<b>Жұмыс күні –</b>	дүйсенбіден жұманы қоса алғанда кез келген күн және Қолданылатын құқыққа сәйкес жұмыс күні деп танылған басқа күн (Қолданылатын құқыққа сәйкес демалыс күндерін және ресми, оның ішінде мерекелік, жұмыс емес күндерді қоспағанда).
<b>Желі мерзімі –</b>	егер Факторинг шартында өзгеше мерзім көзделмесе, Клиент қаржыландыру ала алатын уақыт кезеңі.
<b>Дербес деректер –</b>	электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, олардың негізінде айқындалатын Дербес деректер субъектісіне жататын мәліметтер.
<b>Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімі –</b>	Клиенттің Қаржы агентінде ашылған банктік шотынан Қаржы агентінің пайдасына Келісімшарт бойынша берілген ақша талабы бойынша Қаржы агентінің талабын қанағаттандыру есебіне тұрақты ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін Клиенттің өкімі
<b>Дербес деректер бойынша келісім –</b>	Қаржы агентінің/Банктің Дербес деректер субъектісінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімі.
<b>Дербес деректер субъектілері –</b>	Дербес деректер тиесілі жеке тұлғалар.
<b>Қаржыландыру –</b>	Қаржы агенті Клиентке қаржыландыру лимиті шеңберінде Қаржыландыруға өтініш негізінде ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарында беретін ақша сомасы
<b>Қаржы агентінің IBAN шоты –</b>	Қаржы агенті Клиент пен Борышкер арасында жасалған Келісімшарт бойынша берілген ақшалай талап бойынша Қаржы агентінің талабын қанағаттандыру есебіне Клиенттің Қаржы агентінде ашылған банктік шотынан ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару мақсатында беретін және пайдаланатын банктік шотының нөмірі.